

Г.С. Смагулова , У.М. Сермағамбет* , Ж.О. Тұмбай 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: s_omit@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНІРАРАЛЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі шектен тыс дифференциация біртұтас әлеуметтік-экономикалық кеңістіктің ыдырауына және өңірлік ғана емес, ұлттық шаруашылықтың жұмыс істеу тиімділігінің төмендеуіне әкелетін экономикалық және әлеуметтік құрылымдарда аумақтық диспропорциялардың туындауына әкеп соғады. Аумақтық әлеуметтік-экономикалық диспропорция бірқатар теріс салдарлармен ілесе жүретіндіктен, оларды еңсеру әлем елдері мен өңірлерінің басым бөлігінде мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде анықталады. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық диспропорцияның туындауына ықпал ететін факторларды айқындау арқылы, әлеуметтік шиеленістің күшеюін арттыратын, теңгерімді экономикалық дамуға кедергі келтіретін өңіраралық дифференциацияның салдарларын барынша төмендету жолдарын ұсыну мақаланың мақсаты болып табылады. Анықталған мақсат негізінде авторлар өңірлер арасында жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім бойынша дамудың алшақтығын анықтау, олардың дамуындағы айырмашылыққа инвестициялардың әсерін зерттеу және өңіраралық дифференциацияны тегістеудегі қаржылық ресурстардың рөлін негіздеу арқылы мәселені шешу бойынша нақты ұсыныстар берген.

Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңсіздік теориясы мен тәжірибесі туралы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне негізделеді. Зерттеу барысында салыстырмалы экономикалық талдау әдістері, сараптамалық бағалау әдістері және жүйелік тәсіл қолданылды.

Мақалада Қазақстан өңірлерінің арасындағы дифференциацияны төмендету өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің тиімді қызмет етуіне, халықтың өмір сүру сапасының артуына, әлеуметтік шиеленісті төмендетуге мүмкіндік беретіндігі анықталды.

Түйін сөздер: өңір, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, дифференциация, диспропорция, жалпы өңірлік өнім.

G.S. Smagulova, U.M. Sermagambet*, Zh.O. Tumbay

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: s_omit@mail.ru

State regulation of interregional differentiation in Kazakhstan

Excessive differentiation at the level of socio-economic development of the regions leads to the disintegration of a single socio-economic space and the emergence of territorial imbalances in economic and social structures, which entails a decrease in the functioning efficiency of not only regional, but also the national economy as a whole. Since territorial socio-economic imbalance is accompanied by a number of negative consequences, their overcoming is defined as an important direction of state policy in most countries and regions of the world.

Therefore, the aim of the article is to study different ways to minimize the negative effects of interregional differentiation, which exacerbates social tension and impedes balanced economic development, by identifying factors affecting the occurrence of socio-economic imbalances.

Based on the results of the study, specific recommendations were formulated to eliminate the identified negative consequences of interregional differentiation in terms of GRP per capita on the development of regions, the influence of investment activity on distinction in their development is investigated, and the role of financial resources in smoothing interregional differentiation is justified.

The theoretical and methodological basis of this study is the work of domestic and foreign scientists on the theory and practice of inequality in the socio-economic development of regions. The study used methods of comparative economic analysis, expert assessment methodology and a systematic approach.

The article substantiates the thesis that the reduction of differentiation between the regions of Kazakhstan will allow the socio-economic system of the regions to function efficiently, improve the quality of life of the population, and reduce social tension.

Key words: region, socio-economic inequality, differentiation, imbalance, gross regional product.

Г.С. Смагулова, У.М. Сермағамбет*, Ж.О. Тұмбай

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: s_omit@mail.ru

Государственное регулирование межрегиональной дифференциации в Казахстане

Чрезмерная дифференциация на уровне социально-экономического развития регионов приводит к распаду единого социально-экономического пространства и возникновению территориальных диспропорций в экономических и социальных структурах, что влечет за собой снижение эффективности функционирования не только регионального, но и национального хозяйства. Поскольку территориальная социально-экономическая диспропорция сопровождается рядом негативных последствий, их преодоление определяется как важное направление государственной политики в большей части стран и регионов мира.

В связи с вышесказанным целью статьи является исследование путей минимизации негативных последствий межрегиональной дифференциации, усиливающих обострение социальной напряженности и препятствующих сбалансированному экономическому развитию, посредством определения факторов, влияющих на возникновение социально-экономической диспропорции. По результатам проведенного исследования сформулированы конкретные рекомендации по устранению выявленных негативных последствий межрегиональной дифференциации по показателю ВРП на душу населения, отразившихся на развитии регионов, исследовано влияние инвестиционной активности на различия в их развитии, а также обоснована роль финансовых ресурсов в сглаживании межрегиональной дифференциации.

Теоретической и методологической основой данного исследования являются труды отечественных и зарубежных ученых по теории и практике неравенства в социально-экономическом развитии регионов. В ходе исследования были использованы методы сравнительного экономического анализа, методы экспертной оценки и системный подход.

В статье обоснован тезис о том, что снижение дифференциации между регионами Казахстана позволит эффективно функционировать социально-экономической системе регионов, повысить качество жизни населения, снизить социальную напряженность.

Ключевые слова: регион, социально-экономическое неравенство, дифференциация, диспропорция, валовой региональный продукт.

Кіріспе

Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы өңіраралық диспропорциямен сипатталады. Өңірлердің бірдей дамымауы негізі бүкіл елдерде кездесетін үдеріс болып табылады. Табиғатына, климатына, ресурстарына, әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа да ерекшеліктеріне қарай, барлық елдерде сәйкесінше дамыған, сондай-ақ, артта қалған өңірлер кездеседі. Өңірлік дифференциация экономикалық өсімге әсер етеді және де дифференциация әрқашанда теріс салдарға ие (Regional policy, 2014). Осыған байланысты, мемлекет шамадан тыс жоғары өңірлік дифференциацияны төмендетуге тырысады. Дүниежүзілік Банктің «Toward a New Social Contract: Taking on Distributional Tensions in Europe and Central Asia» зерттеу нәтижелері туралы баяндамасында Қазақстанда елдің ең бай және ең кедей өңірлері арасындағы орташа алшақтық деңгейінің жыл сайын ұлғайып келе жатқандығы негативті тенденция ретінде бағаланған (Bussolo, 2018).

Елдегі халықтың өмір сүру жағдайы мен сапасындағы жоғары өңірлік айырмашылықтар

негізінен, өңірлердің экономикалық, табиғи-климаттық, табиғи ресурстармен және инфрақұрылымдық ерекшеліктерімен айқындалады (Martin, 2003), сонымен қатар, бұл айырмашылықтар мемлекеттің «теңестіру» саясатын қолға алудың негізі болып табылады. Еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін де өңірлердің әрқелкі даму мәселесі шешімін табуы қажет ететін негізі мәселелердің бірі болып қалып отыр. Өңірлік айырмашылықтардың ауқымы мен одан туындайтын ауыр негативті салдарларды ескергендіктен мемлекет тарапынан бірқатар маңызды құжаттар қабылданып, жүзеге асырылды. Атап айтқанда, «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы», «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы» тәрізді стратегиялық сипаттағы құжаттар өңірлерді дамыту мен олардың арасындағы айырмашылықтарды барынша төмендетуге бағытталды. Өңірлердің дамуындағы әрқелкілікті жою үшін нормативтік-құқықтық тұрғыдан негіз жасалынғанмен де, соңғы жылдардағы ресми статистикалық көрсеткіштер өңірлік айырмашылықтар мәселесін шешуге

қатысты отандық тәжірибенің айтарлықтай тиімділікке жетпегендігін, көзделген мақсат орындалмағандығын айқындайды. Осыған орай Қазақстан өңірлерінің даму деңгейіндегі теңсіздік мәселесін шешуге жаңаша көзқарас пен тиімді тәсілдерді іздестіруге деген қажеттілік туындайды. Мақаланың мақсаты – еліміздегі өңірлер арасындағы дифференциацияның туындауына себепші болатын факторларды жүйеге келтіру, нақты көрсеткіштер арқылы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы алшақтықтарды айқындау негізінде дифференциацияны азайту жолдарын ұсыну.

Әдебиеттерге шолу

Өңірлік өсудің базалық теорияларының негізгі ережелері олардың өңірлік айырмашылықтардың пайда болу табиғатын түсіндіруі, аумақтардың біркелкі емес дамуына әсер ететін факторларды анықтау тұрғысынан қызығушылық тудырады. Оның негізін Й. Тюнен, В. Лаунхардт, А. Вебердің еңбектерінде әзірленген тұжырымдамалар мен модельдер құрайды. Өндіргіш күштерді орналастырудың заңдылығын микроэкономикалық тұрғыдан қарастырған әдістемелік тәсіл осы еңбектерді біріктіруге негіз болды. Бұл ретте шаруашылық объектісінің ең оңтайлы орналасқан жерін таңдау туралы басқарушылық шешім еңбек, көлік және агломерациялық үш факторды ескеру негізінде, шығындарды барынша төмендетуді көздей отырып қабылданады. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде өндірісті оңтайлы орналастыруға масштаб эффектісі мен көлік шығындары ықпал ететіндігін дәлелдеген (Вебер, 1926: 119).

Өңірлер арасындағы дифференциацияны зерттеуде «кумулятивті өсу» теориясына қатысты зерттеулер айрықша мәнге ие. Бұл теорияның негізінің қалыптасуы және дамуына Г. Мюрдаль, Ф. Перру, Х. Ричардс, Дж. Фридман, Т. Хагерстанд, Ж.Р. Будвиль, П. Потье сияқты ғалымдар өздерінің үлестерін қосқан. Осы теориялардың басты идеясы болып кеңістікте экономиканың өсу орталықтары мен өсудің таралу арналарының пайда болуы табылады. Дегенменде өңіраралық сәйкессіздік толығымен жойылып кетпейді, аумақтық бірліктер әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша ғана салыстырмалы түрде алшақтығы төмендейді.

Өсу орталықтары экономикалық дамуды ынталандырып және көршілес аумақтарға әсер ете отырып, тауарлар және қызметтерге

сұраныс пен ұсынысты қалыптастырады. «Орталық-периферия» (Friedmann, 1973: 351) және «инновациялар диффузиясы» (Hagerstrand, 1966: 27) тұжырымдамалары кумулятивті теориялардың негізгі идеялары болып табылады.

«Орталық-периферия» тұжырымдамасының қалыптасуы мен оның мәнін түсінудегі серпіліс Т. Хегерstrandтың «инновациялар диффузиясының» табиғаты туралы ілімі болды. Өз еңбектерінде автор инновациялық даму логикасын ұстана отырып, «орталық» әлеуметтік-экономикалық және технологиялық сипаттағы жаңалықтардың пайда болуының көзі болып табылады, ал қалған кеңістік инновациялардың таратылуының экономикалық ортасы болады деген ойды тұжырымдайды (Hagerstrand, 1966: 27).

Өңірлік дамудың сәйкессіздігі мен әлеуметтік-экономикалық сәйкессіздіктің пайда болуының негізгі себептерін анықтау жаңа экономикалық география аумағында да зерттелген. Жаңа экономикалық география идеясының негізін қалаушы, америкалық экономист П.Кругманның еңбектерінде айтылғандай, өңірлердің дамуының негізі бәсекелестік артықшылықтарының болуымен байланысты. Ол табиғи ресурстардың болуы мен тиімді географиялық орналасу кіретін «бірінші табиғат» факторларын және адам капиталын, агломерациялық әсерді, институционалдық ортаны қамтитын «екінші табиғат» факторларын бөліп көрсетеді (Krugman, 1991: 483).

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дифференциациясының ауқымы мен серпіні көптеген факторларға байланысты. «Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму факторларының пирамидасы» деп аталатын еңбегінде О.В. Кузнецова (2013: 121) Маслоу пирамидасы принципі бойынша өңірдің экономикалық және әлеуметтік факторларының иерархиялық жүйесін қалыптастыру тұжырымдамасын ұсынады (1-сурет).

А. Маслоу пирамидасындағы сияқты, пирамиданың негізіндегі базалық факторлар бірінші кезекте қамтамасыз етілуі тиіс. Себебі, олар қолайлы болған жағдайда ғана жоғары деңгейдегі факторлар маңызды рөл атқара бастайды. Факторлардың «бірінші» және «екінші» табиғат факторлары деп бөлінуіне сәйкес, пирамиданың негізі болып табылатын табиғи-климаттық жағдайлар мен ресурстарды «бірінші» табиғат факторларына, ал келесі төрт деңгейді «екінші» табиғи факторларға жатқызуға болады.



1-сурет – Өңірлік даму факторларының иерархиялық пирамидасы

Ескерту – (Кузнецова, 2013: 121) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

«Бірінші табиғат» факторлары деп аталатын «табиғи-климаттық жағдайлар мен ресурстар» адамға тәуелді емес, бұл өңірде өндіруге және сатуға болатын әртүрлі ресурстардың болуын білдіреді. Сонымен қатар тиімді немесе тиімсіз географиялық жағдай да осы факторға кіреді. Табиғи ресурстармен қамтамасыз етілу, тиімді географиялық жағдай тәрізді элементтерді өзгерту өте қиын, көбінесе іс жүзінде мүмкін емес. Бұл фактор аймаққа бәсекелестік артықшылықтар береді және көлік шығындарын төмендетеді. Бірақ бәсекелестік артықшылықтар мәңгілік бола алмайды, атап айтқанда, бай минералдық-шикізат базасы бар өңір ресурстары сарқылған жағдайда өз артықшылығын жоғалтады. Кез келген мемлекеттің аумағындағы осы факторлардың әртүрлілігіне орай бір өңірлер жоғары, ал кейбір өңірлер төмен әлеуметтік және экономикалық стандарттармен, сонымен қатар макроэкономикалық және мезоэкономикалық динамикамен сипатталады.

«Екінші табиғат» факторларына келесілер: адам капиталы деңгейі, агломерациялану, инфрақұрылым жағдайы, экономика құрылымы, институционалдық орта, инновация сияқты «өсірілетін» артықшылықтар кіреді. Екінші табиғат факторларын негізінен мемлекет және қоғам қалыптастырады. «Екінші табиғат» факторларының сапасын жоғарылату – өңірлердегі кәсіпкерлікті жақсартып дамытуға және жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) мен халықтың өмір сүру ахуалын арттыруға әкеледі.

Әдіснама

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтаумен олардың теңгерімділігін сандық бағалауды табу үлкен ғылыми-практи-

калық қызығушылыққа ие және ел экономикасын тұрақты өсу траекториясына шығару мақсатымен, өңірлік саясат аясында мемлекеттік шараларды даярлауда негізгі шарт болып табылады.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы кеңістіктік теңсіздігін бағалауда ең қарапайым көрсеткіш – дифференциация коэффициентін есептеу ұсынылады. Бұл әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштің максималды мәніне жеткен өңірдің көрсеткіші мен оның минималды мәніне ие болған өңір көрсеткішінің арақатынасы арқылы сипатталады. Оны келесі формуламен көрсетуге болады:

$$K_d = \frac{\max Pr}{\min Pr}, \quad (1)$$

мұндағы K_d – кеңістіктік дифференциация коэффициенті;

$\max Pr$ – өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткішінің максималды мәні;

$\min Pr$ – өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткішінің минималды мәні (Сатыбалдин, 2017: 163).

Өңірлер арасындағы дифференциацияны диагностикалау кезінде бірінші кезекке индикаторларды таңдау және оларды негіздеу проблемасы шығады. Бұл ретте таңдап алынатын индикаторлар мынадай талаптарға сәйкес болуы керек:

1) есептеудің бірыңғай әдістемесінің болуы және барлық өңірлер бойынша салыстыру мүмкіндігі;

2) жылдар бойынша салыстырмалы болу және мүмкіндігінше көп уақыт аралығын қамтуы;

3) өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының алуан түрлілігін барынша көрсететіндей жалпылама сипатқа ие болуы тиіс.

Дифференциация мөлшерін жалпы өңірлік өнім, табыс деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, халықтың білім деңгейі және т.б. көрсеткіштер бойынша анықтауға болады. Бұл ретте өзара байланысты бірнеше көрсеткіштер пайдаланылуы мүмкін.

Өңірлік даму мәселелерін зерттеуші қазақстандық ғалымдар А.А. Сатыбалдин, Н.К.Нурланова (Сатыбалдин, 2017: 164) кеңістіктегі дифференциация дәрежесін және Қазақстанның экономикалық дамуының негізгі тенденцияларын талдау үшін келесі көрсеткіштерді ұсынады: жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), жан басына шаққандағы ЖӨӨ, халық саны, экономикада жұмыспен қамтылғандар саны,

өнеркәсіптік өнім көлемі, ауылшаруашылық өнімнің жалпы көлемі, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, бөлшек сауда көлемі, баланстық күн бойынша негізгі құралдар (амортизацияны шегергенде), барлық көлік түрлерімен жүк тасымалдау көлемі.

Өңірлік дифференциацияны бағалаудың келесідей алгоритмін қолданамыз:

1. Салыстырылатын статистикалық көрсеткіштерді таңдау.

2. Таңдалған статистикалық көрсеткіштер бойынша кеңістіктік дифференциация коэффициенттерін есептеу.

3. Өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды «теңестірудің» тиімді тетіктері мен әдістерін айқындау үшін өңірлердің рейтингтерін көрсету және оларды топтарға бөлу.

Нәтижелер мен талқылау

Республика өңірлерінің дамуын дифференциациялық зерттеу тұрғысынан қарастыру

арқылы оларға тән бірқатар факторларды бөліп көрсетуге болады. Қазақстанда өңірлер ұқсас экономикалық, табиғи және әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларға негізделі отырып, төрт макроөңірге топтастырылған – Солтүстік (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары), Орталық-Шығыс (Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары), Оңтүстік (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары) және Батыс (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары). Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері макроөңірлермен салыстырмалы болғандықтан және айрықша мәртебесіне қарай, Нұр-Сұлтан және Алматы хаб-қалалары және Шымкент қаласы да бөліп көрсетіледі (Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, 2018). Осы жіктеу бойынша республика макроөңірлерін келесідей көрсеткіштер бойынша сипаттаймыз: ЖІӨ-дегі үлесі, халық санындағы үлесі және урбандалу деңгейі (1-кесте).

1-кесте – Қазақстан Республикасы макроөңірлерінің сипаттамасы (2018 ж.)

Макроөңірлер	ЖІӨ-дегі үлесі, %	ҚР жалпы халық санындағы халықтың үлесі, %	Урбандалу деңгейі, %
Орталық-Шығыс	18,0	19,3	53,5
Солтүстік	8,0	12,0	48,6
Оңтүстік	12,4	32,5	38,0
Батыс	27,7	15,3	52,9
Алматы қаласы	19,6	10,0	100,0
Нұр-Сұлтан қаласы	10,8	5,7	100,0
Шымкент қаласы	3,5	5,2	100,0

Ескерту – (Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, 2018; Қазақстан Республикасы статистика комитетінің ресми сайты) дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған

1-кестеде көрсетілген статистикалық мәліметтерге сай, Орталық-Шығыс макроөңірі республика бойынша халық санының 19,3% үлесін ала отырып, ЖІӨ-нің 18%-ын өндірген. Сондай-ақ, осы макроөңірдің урбандалу деңгейі салыстырмалы түрде жоғары (53,5%). ЖІӨ-дегі төмен үлеске ие Солтүстік макроөңірінде ел халқының 12%-ы тұрады және урбандалу деңгейі де айтарлықтай жоғары емес (48,6%). Халық санының ең жоғары үлесіне ие Оңтүстік макроөңірінің ЖІӨ-дегі үлесі 12,4%-ды құрайды. Дегенмен, бұл макроөңірдің урбандалу деңгейі (38%) басқа өңірлермен салыстырғанда

әлдеқайда төмен. Ал, ЖІӨ-нің ең жоғары үлесіне ие Батыс макроөңірінде республикадағы халықтың 15,3%-ы тұрады және урбандалу деңгейі (52,9%) салыстырмалы түрде жоғарырақ.

Біртұтас әлеуметтік-экономикалық кеңістіктегі өңірлердің арасындағы мұндай айырмашылықтардың себебі, жоғарыда аталып өткендей, әкімшілік-аумақтық бірліктердің бәсекелестік артықшылығын қалыптастыратын белгілі бір факторлардың болуына тікелей байланысты. Демек, көмірсутекті шикізаттың мол қорына ие Батыс макроөңірінің басқа өңірлермен салыстырғанда артықшылықтары


жоғарырақ. Сонымен қатар, кеңестік кезеңнен бері қалыптасқан елдің экономикалық әлеуетін орналастыру да айтарлықтай әсерін тигізді. Ал өздерінің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне сай аграрлық-индустриялық өңірлер қатарына жататын Солтүстік және Оңтүстік макроөңірлері салалардағы төмен еңбек өнімділігінің салдарынан, сонымен қатар экономиканың әртараптандырылмауы себепті дамудың төмен деңгейін көрсетіп отыр.

Халықаралық институттар қалалар мен қалалық агломерациялар экономиканы дамытудың драйверлері болып табылатынын атап өтеді. Урбанизация деңгейі төмен болған кезде жаңа жұмыс орындарын құру, өндірісті жаңғырту, экономиканың сервистік секторын дамыту үшін мүмкіндіктер мен себептер жасалмайды (Fujita, 1999: 367). Демек, макроөңірдің урбандалу деңгейі жоғары болса, сәйкесінше оның экономикасын әртараптандыру мүмкіндігі жоғары болады. Индустриялық өңірлер қатарына жататын Орталық-Шығыс макроөңірінің қазіргі даму деңгейі де осыны айқындап отыр.

Өңірлік даму теңсіздігін зерттеуге тән тенденция – елдің экономикалық өсуіне қарамастан өңірлік дифференциацияның артуы. Бұл тенденцияны Еуропадағы елдер мен өңірлер арасындағы дивергенция мен конвергенцияны талдауда Ф. Мартин ашты (Martin, 2005: 83). Қазақстанда да дәл осындай тенденция байқалады. «Бірінші табиғат» факторлары ретін-

дегі айқын бәсекелестік артықшылықтарға ие өңірлер экономикалық өсімді көрсетіп отыр. Бұл құбылысты көмірсутекті шикізатқа деген үлкен сұраныс есебінен түсіндіру оңай. Сонымен, Қазақстандағы өңірлік даму тенденциясы бай минералдық-шикізат базасы бар өңірлер тобы мен қызмет көрсету, туризм және қаржылық орталықтар болып табылатын республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының дамудың жоғары деңгейін көрсетіп отырғандығын дәлелдейді. Талдаудың нәтижесі «екінші табиғат» факторларының өңірлер дамуына аса серпін бере алмағандығын көрсетеді. Өзге өңірлердің бәсекелестік артықшылықтарын инновацияларды енгізу арқылы жақсартуға болады. Сол арқылы табиғи ресурстардың жетіспеушілігі жағдайында да жаңа нарықтарды игеруге мүмкіндік туады. Инновациялық әлеует, білікті жұмыс күші, қолайлы институционалдық жағдайлар сияқты және т.б. мамандандырылған факторларды одан әрі дамытып, құру үшін жекелеген кеңістіктік «өсу нүктелерінде» ресурстар мен күш-жігерді шоғырландыру қажет (Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасы, 2019). Сонымен, «екінші табиғат» факторларының әсерін ұлғайту арқылы өңірлер арасындағы дифференциацияны төмендету мүмкіндігі артады.

Қазақстан макроөңірлерінің ЖӨӨ динамикасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет – 2014-2018 жылдардағы Қазақстанның макроөңірлеріндегі ЖӨӨ динамикасы, млн. теңге
Ескерту – (Қазақстан Республикасы статистика комитетінің ресми сайты)
дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2-суреттегі мәліметтерден анықталғандай, ЖӨӨ бойынша Батыс макроөңірі көш бастап тұр. Қазақстандағы негізгі минералдық-шикізат көзі орналасқан өндіруші өңірлер (Атырау, Маңғыстау Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары) кіретін Батыс макроөңірі 2015 жылдан басқа кезеңдерде өсу динамикасын көрсеткен. Бұл өңірлер үшін негізгі тәуекел бәсекелестік артықшылықтың жойылуы немесе ресурстардың сарқылуы болып табылады. Бұл макроөңірдің экономикасы жалпы өндіруші өнеркәсіптің шеңберінде қалыптасқандықтан, сондай-ақ, экономика құрылымы әртараптандырылмағандықтан, негізгі және жалғыз болып табылатын бәсекелестік артықшылықтың жойылуы экономиканың тез құлдырауына әкеліп соғады.

ЖӨӨ бойынша Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының алатын орны айрықша болып табылады. Осы өңірлердің экономикасы әртараптандырылған және халықтың өмір сүру деңгейі бойынша жоғары деңгейге ие. Жоғары білімді тұрғындарының үлесі жоғары болғандықтан, бұл осы өңірлердегі еңбек ресурстарын қамтамасыз ете алады. Бұл Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының экономикалық және әлеуметтік дамуы экономиканың құлдырау қаупін барынша сейілтеді. Осы өңірлер жоғары технологиялық өңірлер қатарына кіреді.

Орталық-Шығыс макроөңірі индустриялық өңірлер қатарына кіреді. Өңірдің келесідей бәсекелестік артықшылықтары бар: инновациялық әлеуеті және урбандалу деңгейінің жоғары болуы. Бірақ оларды экономикалық өсу

үшін пайдаланбай отырғандығын атап өту керек. Келесі Солтүстік пен Оңтүстік макроөңірлер экономикалық құрылымы әртараптандырылмаған және жоғары еңбек өнімділігінің болмауымен, сондай-ақ, салалық құрылымның төмендігімен ерекшеленеді.

Жалпы, ЖӨӨ-нің динамикасын талдау нәтижесі көрсеткендей, мықты минералдық-шикізаттық базасы бар өңірлердің елдің ЖІӨ-де өз үлесін ұлғайтып, ал ауыл шаруашылығы өнімін, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіруге маманданған өңірлердің (Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары) үлес салмағы барынша төмендегенін айқындап отыр (Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы, 2011).

Жан басына шаққанда есептелетін ЖӨӨ – Қазақстан өңірлерінің экономикалық дамуын бейнелейтін негізгі индикаторлардың бірі. Оның өңірлер бойынша деңгейінде айтарлықтай алшақтықтар бар. Экономикалық кеңістіктің біркелкі еместігін әр адамның жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімдегі айырмашылығынан көруге болады (2-кесте).

2-кестедегі статистикалық мәліметтер көрсетіп отырғандай, Атырау, Маңғыстау облыстары, Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы көшбасшы болып табылады. Артта қалған өңірлердің қатарында негізгі мамандануы ауыл шаруашылық саласы болып табылатын Жамбыл және Түркістан облыстары кіреді.

2-кесте – Жалпы өңірлік өнімнің жан басына шаққандағы динамикасы және оның деңгейі бойынша Қазақстан өңірлерін ранжирлеу, мың тг.

Қазақстан өңірлері	жылдар:					Өңірлердің рангі
	2014	2015	2016	2017	2018	
Ақмола	1 427,9	1 513,9	1 818,2	2 107,8	2 301,0	13
Ақтөбе	2 361,4	2 135,0	2 464,9	2 749,7	3 136,0	8
Алматы	1 002,1	1 021,3	1 114,2	1 235,8	1 378,2	15
Атырау	7 553,3	7 171,2	8 653,1	9 685,1	12 465,5	1
Батыс Қазақстан	3 170,4	2 699,6	3 179,8	3 628,4	4 295,8	5
Жамбыл	897,4	918,3	1 062,7	1 210,0	1 366,3	16
Қарағанды	2 110,6	2 248,9	2 682,6	3 100,9	3 431,9	6
Қостанай	1 583,1	1 561,7	1 727,0	2 108,9	2 367,0	10
Қызылорда	1 848,9	1 534,3	1 701,1	1 839,0	2 088,1	11
Маңғыстау	4 049,6	3 443,0	3 880,6	5 058,8	5 682,5	4
Павлодар	2 315,8	2 293,1	2 606,9	3 134,3	3 641,1	7

Қазақстан өңірлері	жылдар:					Өңірлердің рангі
	2014	2015	2016	2017	2018	
Солтүстік Қазақстан	1 386,6	1 467,2	1 621,0	1 985,9	2 177,7	12
Түркістан (Оңтүстік Қазақстан)	868,9	891,1	975,3	1 097,7	838,2	17
Шығыс Қазақстан	1 636,7	1 656,2	2 006,0	2 289,5	2 598,8	9
Нұр-Сұлтан қ.	4 821,6	5 574,8	5 273,3	5 766,2	6 359,5	3
Алматы қ.	5 021,0	5 439,6	6 138,5	6 694,2	6 635,9	2
Шымкент қ.					2 217,1	14

Ескерту – (Қазақстан Республикасы статистика комитетінің ресми сайты) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Өңірлерді ранжирлеу нәтижесі бойынша, көшбасшы үштікке Атырау облысы, Алматы қаласы, Нұр-Сұлтан қаласы кіреді. Ал, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстары ең төменгі көрсеткіштерді көрсетіп отыр. Жалпы еліміздегі 2018 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ 3382,5 мың теңгені құраса, 17 өңірдің 7-уі орташа республикалық деңгейден жоғары. Басқа 10 өңірдің көрсеткіштері болса орташа республикалық деңгейден төмен. Бұл мәліметтер республика өңірлерінің арасындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша айтарлықтай алшақтық бар екендігін дәлелдейді.

2018 жылғы көрсеткіш бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ-дегі айырмашылық 15 есені құрағанын байқаймыз (ең жоғары көрсеткішті көрсеткен Атырау облысы – 12 465,5 мың теңге және ең төмен көрсеткіш – 838,2 мың теңге Түркістан облысы бойынша).

Республикада жүзеге асырылып 2019 жылы аяқталған, сонымен қатар ағымдағы 2020 жылы жүзеге асырыла бастаған өңірлерді дамытуға

арналған мемлекеттік бағдарламаларда «Өңірлер арасында жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша дамудың алшақтығы» деп аталатын нысаналы индикатор маңызды болып табылады (Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, 2018; Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2019). Ол өзінің мазмұны бойынша өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық дифференциация деңгейінің нақты көрінісін көрсетуі тиіс. Халықаралық практикада өңірлік айырмашылықтарды анықтауда талданатын көрсеткіштің ең жоғарғы және ең төменгі мәндерінің қатынасы есепке алынады. Қазақстандық ғалымдар А.А. Сатыбалдин, Н.К. Нурланова да (Сатыбалдин, 2017: 484) осы тәсілді ұсынады. Бірақ өңірлік дамуға арналған бағдарламаларда өңірлер арасындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша айырманың нақты мәндері көшбасшы 8 өңір мен артта қалған 8 өңірдің жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің қатынасы ретінде есептелген (3-кесте).

3-кесте – 2015-2018 жылдардағы Қазақстан Республикасының өңіраралық дифференциациясының өзгеруі

Көрсеткіш	Өлшем бірлік	жылдар:			
		2015	2016	2017	2018
Өңірлік даму бағдарламасы бойынша есептелген	есе	3,2	3,2	3,2	2,4
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ max/ Жан басына шаққандағы ЖӨӨ min	есе	8	8,9	8,8	15,0

Ескерту – (Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы; 2018, Қазақстан Республикасы статистика комитетінің ресми сайты) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған


Халықаралық деңгейде қолданылатын тәсіл арқылы есептеу негізінде жан басына шаққандағы ЖӨӨ алшақтығының көрсеткіші 2018

жылы 15 есе болып шықты. Ал өңірлік даму бағдарламасы бойынша есептелген айырмашылық 2,4 есе болып, жоспарланған мәннен

де кем болды. Осылайша, халықаралық стандарттар бойынша есептелген сәйкессіздік деңгейі 2015 жылдан бастап Өңірлерді дамыту бағдарламасының әрекет ету уақытында тұрақты түрде өсуде, бұл мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қабылданып жатқан шаралардың тиімсіздігін куәландырады. Сонымен қатар, 2018

жылы өңірлер арасындағы айырмашылықтың 2017 жылғы деңгейге қарағанда 70,5%-ға күрт өсуі байқалды.

Өңірлердің экономикасы құрылымының әртүрлілігіне орай, өңірлерге салынатын инвестиция көлемі де әртүрлі болып келеді (3-сурет).



3-сурет – Қазақстанның макроөңірлеріндегі негізгі капиталға салынған инвестициялар үлесі, % (2018 ж.)

Ескерту – (Қазақстан Республикасы статистика комитетінің ресми сайты) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған


ЖӨӨ және негізгі капиталға салынған инвестициялар көрсеткіштері бойынша өңірлердің сәйкессіздігі, ел аумағында өндіргіш күштердің әркелкі орналасуы өңірлердің дамуының әртүрлі деңгейде болуына әкеледі.

Сонымен қатар, 2018 жыл бойынша еліміздің бес өңірі негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 65%-ын алып тұр. Олар Атырау облысы (35%), Алматы қаласы (6,6%), Нұр-Сұлтан (9,5%), Шымкент (5,3%) және Алматы облысы (8%) құрап отыр. Бұл жерде негізгі капиталға салынған инвестиция бойынша көшбасшы болып тұрған Атырау облысы инвестицияның жалпы көлемінің 35%-ын алады, бұл еліміздегі негізгі астықты өңір Солтүстік Қазақстан облысына салынған инвестиция көлемінен 17,5 есе артық (2%). Бұл аграрлық сектордағы негізгі капиталға инвестициялардың қанағаттанғысыз деңгейін куәландыратын айтарлықтай алаңдатарлық белгі.

2018 жылы елімізге тартылған тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) ағыны бойынша соңғы алты жылдың ішінде ең жоғары деңгейге жетті. Дегенменде тікелей шетелдік инвестицияның өңірлердің арасында бөлінуі әркелкі, үлкен айырмашылықтар бар (4-сурет).

Соңғы бес жылда ТШИ салынған топ-3 өңір өзгеріссіз қалды. Мәселен, Атырау облысына ТШИ жалпы ағыны 2018 жылы – 10,02 млрд \$ (барлық көлемнің 41,3%), Алматы қаласына – 5,43 млрд \$ (22,4%), ШҚО – 2,39 млрд \$ (9,8%) құрады. Сонымен қатар, алғашқы екі өңірде көрсеткіш бес жыл ішінде рекордтық көрсеткішке жетті. Сондай-ақ, ТШИ бойынша Нұр-Сұлтан қаласына – 964 млн \$, Павлодар облысына – 854 млн \$ және Қарағанды облысына 647 млн \$ қаржы тартылған. ТШИ үшін ең тартымды сала мұнай мен газ өндіру болып қалуда.

2018 жылы мұнай өндіру мен қайта өңдеуге жалпы алғанда 4,4 трлн теңгеден астам инвестиция салынды. Бұл Республика өнеркәсібіне салынған барлық инвестициялардың 67,1%-ын құрайды. Металл кендері мен металлургия өнеркәсібіне – 706,7 млрд теңге (жалпы көлемнің 10,8%-ы). Қазақстанда мұнай және металдармен байланысты емес салалар инвесторларды аз қызықтыратындығын осы мәліметтер нақты дәлелдейді (Кучукова, 2019: 108). Өңірлерге салынған инвестиция бойынша бұл жасалған талдау нәтижелері экономиканың шикізаттық секторына, әсіресе, тау-кен өндірісіне инвестициялардың басымдықпен салынып отырғандығын көрсетеді.



4-сурет – Қазақстанның макроөңірлеріндегі тікелей шетелдік инвестициялар үлесі, % (2018 ж.)

Ескерту – (Қазақстан Республикасы статистика комитетінің ресми сайты) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Өңірлердің бәсекелестік артықшылықтары, экономикалық әлеуеті біркелкі болмағандықтан даму деңгейлері де бірдей емес. Сондай-ақ, өңірлерге салынған инвестиция көлеміндегі алшақтықтар да дамудағы айырмашылыққа алып келеді. Осыған байланысты өңірлердің салық салынатын база мөлшерінде елеулі айырмашылықтары бар және сондықтан бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруда әртүрлі мүмкіндіктерге ие. Осыған орай, Қазақстан өңірлерінің бюджеттік қамтамасыз етілуін теңестіру мақсатында қолданыстағы бюджет жүйесінде

облыстар арасында, республикалық және облыстық бюджеттер арасында кірістерді қайта бөлуді болжайтын бюджеттік теңестіру тетігі жұмыс істейді (Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы, 2011).

Қазақстандағы ЖӨӨ мен оның жан басына шаққандағы мөлшері бойынша көш бастап тұрған өңірлер (Атырау, Маңғыстау облыстары, Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары) елдегі донор-өңірлер қатарына кіреді. Қалған өңірлер соңғы жылдары тұрақты түрде реципиент-өңірлер болып табылады (5-кесте).

5-кесте – Донор өңірлерден алынатын алып қоюлар және реципиент-өңірлерден берілетін субвенциялар, млн. теңге

Атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Донор-өңірлер					
Барлығы	132 020	168 538	213 852	236 808	252 771
Атырау облысы	51 211	60 683	73 202	93 073	98 080
Маңғыстау облысы	10 079	16 725	25 712	28 977	31 316
Алматы қаласы	70 729	83 656	97 684	95 217	102 907
Нұр-сұлтан қаласы	-	7 472	17 253	19 539	20 468
Реципиент-өңірлер					
Барлығы	978 095	904 371	836 882	1 488 290	1 573 346
Ақмола облысы	64 076	59 210	52 707	98 876	104 043
Ақтөбе облысы	29 375	19 926	8 621	52 075	56 275
Алматы облысы	121 290	102 811	91 087	149 323	156 004
Шығыс-Қазақстан облысы	93 509	86 527	80 124	154 177	163 158
Жамбыл облысы	95 698	95 371	94 008	148 950	158 021

Атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Батыс-Қазақстан облысы	36 321	36 203	37 001	47 523	50 858
Қарағанды обласы	50 464	33 833	16 132	98 979	103 900
Қызылорда облысы	83 978	83 180	80 719	130 493	137 143
Қостанай облысы	63 071	58 910	55 912	103 540	108 990
Павлодар облысы	21 509	14 477	7 278	43 979	46 829
Солтүстік-Қазақстан облысы	59 913	58 719	57 470	91 616	95 749
Оңтүстік Қазақстан (Түркістан облысы	254 747	255 199	255 819	368 753	392376
Нұр-сұлтан қаласы	4 140	-	-	-	
Ескерту – (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған					

2001 жылдары донор-өңірлер қатарына Қазақстанның 8 өңірі кірген болса, 2015 жылдан бері қарай Атырау, Маңғыстау облыстары, Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары тұрақты түрде донорлар қатарында. Донор-өңірлер қатарында елдің индустриялық өңірлері болып табылатын (Қарағанды, Павлодар облыстары) және индустриялық-аграрлық өңірлері (Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары) болған. 2007 жылдан бері қарай бұл өңірлер субвенция алатын өңірлер қатарына енді.

5-кестедегі мәліметтер соңғы жылдары елімізде донор-өңірлерден елдің асырауындағы өңірлерге қаржы ресурстарын қайта бөлудің арту тенденциясы орын алып отырғандығын көрсетіп отыр. Трансферттерді бөлудегі қолданыстағы тетік өңірлерді бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуға итермелемейді. Өңірлердің біркелкі дамуына, халықтың тұрмыс деңгейін сәйкестендіруге, сондай-ақ, бюджеттік қамтамасыз етуге арналған толық өңірлік саясаттың болмауы бұл үдерістің әрі қарай да орын алуына әкеледі. Бұны зерттеу аясында қарастырылған өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемаларында өңірлердің салықтық базасын ұлғайтуға мүмкіндік беретіндей нақты шаралардың қарастырылмауы айқындап берді. Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында негізінен басты назарды экономиканың нақты секторын дамытуға емес, оған байланысты процестерге (урбанизация, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру) аударған. Бұл өңірлер экономикасының дамуы мен соның есебінен бюджеттік қамтамасыз етілуді арттыруға алып келмейді.

Демек, донор-өңірлердің реципиент-өңірлерге қаржы беріп отырғанынан пайда жоқ. Нәтижесінде өңірлердің проблемалы себептерін емдеудің орнына тек «симптоматикалық ем» орын алады. Бұл проблемалы өңірлердегі жағдайды объективті түрде ушықтырып қана қоймай, сонымен қатар көмек алып үйреніп қалу жағдайына алып келеді, сондай-ақ, дамуға ынталандыру болмай қалады.

Жалпы ел дамуында өңірлер арасындағы сәйкессіздікті жою үшін донор өңірлерден реципиент өңірлерге шағын және орта кәсіпкерлік үшін, жергілікті дамуды қолдау үшін, мақсатты қолдау көрсетілуі тиіс (Aprans, 2014: 64). Бұл Еуропалық Одақ елдерінің өңірлер диспропорциясын жоюда ұстанатын негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан мемлекеттік қаржылық қолдаудың тең теңестіріп қоятын емес, мақсаты бар үйлесімін іздеуден тұратын, экономикалық дамуды көздейтін және институционалдық жағдайлар жасауды қосатын стратегия қажет.

Өңіраралық сәйкессіздікті мемлекеттік реттеу тиімсіздігінің негізгі себебі артта қалған өңірлердің дамуын ынталандыратын механизмнің болмауы. Жалпы элеуметтік-экономикалық даму жағдайына қарамастан, барлық өңірдің белгілі бір стратегиялық бәсекелестік артықшылықтары бар. Өңірлердің экономикалық даму айырмашылығының негізгі себептерінің бірі олар жалпы өздерінің стратегиялық бәсекелестік артықшылықтарын қаншалықты пайдалана алатындығында болып отыр. Өңірді дамыту өңірдің құндылықтарына, принциптеріне және басымдықтарына негізделіп құрылған стратегияға негізделуі тиіс (6-кесте).

6-кесте – Өңірлік даму факторларымен қамтамасыз етілуіне сәйкес өңірлерді дамыту перспективасы

Макроөңірлер	Факторлар						Өңірлердің перспективалы бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануы
	табиғи-климаттық жағдайлар мен ресурстар	қоныстандыру жүйесі және инфрақұрылымның жағдайы	даму деңгейі экономика-ның құрылымы	институттар мен мемлекеттің саясаты	инновация-лар	Өңірлердің перспективалы бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануы	
Орталық-Шығыс	кен орындары, минералды ресурстар қоры	урбандалу деңгейі жоғары	өртараптандырыл-маған	барлық өңірлерге ортақ кешенді өңірлік саясаттың болмауы. Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемаларында өңірлердің салықтық базасын ұлғайтуға мүмкіндік беретіндей нақты шаралардың қарастырылмауы. Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында экономиканың нақты секторын дамытуға емес, оған байланысты процестерге баса назар аударылуы.	инновация-лық әлеуеті жеткілікті	дәстүрлі экономика салаларының базасында және жанында жаңа индустриялар-дың пайда болуы, қызметтер саласын дамыту	
Солтүстік	ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы табиғи жағдай	урбандалу деңгейі төменірек	өртараптандырыл-маған	өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемаларында өңірлердің салықтық базасын ұлғайтуға мүмкіндік беретіндей нақты шаралардың қарастырылмауы. Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында экономиканың нақты секторын дамытуға емес, оған байланысты процестерге баса назар аударылуы.	инновация-лық әлеуеті төмен	Органикалық ауыл шаруашылығы, акваөсіруді дамыту. Экологиялық және экспортқа бағдарланған, қосылған құны жоғары ұлттық бәсекеге қабілетті өндірістерді құру	
Оңтүстік	табиғи-климаттық жағдайлар-дың қолайлылығы	урбандалу деңгейі төмен	өртараптандырыл-маған	өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемаларында өңірлердің салықтық базасын ұлғайтуға мүмкіндік беретіндей нақты шаралардың қарастырылмауы. Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында экономиканың нақты секторын дамытуға емес, оған байланысты процестерге баса назар аударылуы.	инновация-лық әлеуеті төмен	Базалық және өңдеу салаларында индустриялық жобаларды іске асыру, ілесіп көрсетілетін қызметтерді дамыту. Өңдеу өнеркәсібін экспортқа бағдарлау.	
Батыс	мұнай-газ кен орындарының қоры	урбандалу деңгейі жоғарырақ	өртараптандырыл-маған	өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемаларында өңірлердің салықтық базасын ұлғайтуға мүмкіндік беретіндей нақты шаралардың қарастырылмауы. Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында экономиканың нақты секторын дамытуға емес, оған байланысты процестерге баса назар аударылуы.	инновация-лық әлеуеті жеткілікті	Базалық және өңдеу салаларында индустриялық жобаларды іске асыру, ілесіп көрсетілетін қызметтерді дамыту. Өңдеу өнеркәсібін экспортқа бағдарлау.	
Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары	қаржы, сауда, мәдени, туристік, көлік-логистикалық ірі орталық	жоғары	өртараптандырыл-ған	өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемаларында өңірлердің салықтық базасын ұлғайтуға мүмкіндік беретіндей нақты шаралардың қарастырылмауы. Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында экономиканың нақты секторын дамытуға емес, оған байланысты процестерге баса назар аударылуы.	инновация-лық әлеуеті жоғары	Көрсетілетін қызметтер саласын, ғылымды, сандық технология-ларды, инновацияларды экспортқа бағдарлай отырып дамыту	

Ескерту – (Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасы, 2019) негізінде авторлармен құрастырылған

6-кестеде «Өңірлік даму факторларының иерархиялық пирамидасында» орналасқан факторлар Қазақстан өңірлері бойынша айқындалды. Соған сәйкес «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасы» (2019) негізінде өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануы анықталды. Кесте мәліметтерінен белгілі болып отырғандай, әрбір өңір «бірінші табиғат» факторлары деп аталатын факторлардың белгілі бір мүмкіндіктеріне ие. Ол факторлар өз кезегінде, сол өңірлерге бәсекелестік артықшылықтар береді. Одан кейін агломерациялық әсер, инфрақұрылым, экономиканың құрылымы, мемлекеттің саясаты, инновация тәрізді «екінші табиғат» факторлары арқылы өңірлерді дамыту перспективасы ұсынылды.

Кумулятивті өсу теориясына сүйенсек, өсу нүктелерін қалыптастыру арқылы инновацияның таралу зоналарын кеңейту, сол арқылы оның айналасында орналасқан өңірлердің дамуына серпін беру көзделеді. Бұл Қазақстан үшін қазіргі уақытта маңызға ие болып отырған урбандалу процесін дамыту мақсатымен де үйлеседі. Осыны ескере отырып, факторлар негізінде анықталған экономикалық мамандануға сәйкес Батыс және Орталық-Шығыс макроөңірлері «экономикалық өсу нүктелерін» қалыптастыру үшін қолайлы деп есептейміз. Ал Солтүстік және Оңтүстік макроөңірлері ауылдық елді мекендерді дамыту арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен, өңірлердің бір-біріне қаржылық тәуелділігін төмендету үшін, олардың арасындағы дифференциацияны «тегістеу» үшін өңірлердің бәсекелестік артықшылықтары мен әлеуетін ескере отырып, өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандырылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Қорытынды

Мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі өңірлердің дамуындағы дифференциацияны төмендету болып табылады. Осылайша, еліміздің ұлттық және өңірлік экономикалық кеңістігінің үйлесімді дамуына қол жеткізуге болады. Бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың сапалы өсуі, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, жаһандық экономикалық кеңістік шеңберінде Қазақстан экономикасының неғұрлым жоғары бәсекелестік жағдайына жету үшін негіз болып табылады.

Сондықтан өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дифференциацияны «те-

гістеу» бағытындағы мәселелер мемлекет тарапынан келесідей шешілуі керек.

Біріншіден, өңірлердің поляризациясын тегістеуге бағытталған барлық құралдар мен әдіснамаларды әзірлеу және іс жүзінде қолдану іргелі әдістемелік тәсілге және шын мәнінде тиімді өңірлік саясатты әзірлеуге негізделуі тиіс. Осы проблеманы шешу үшін тек донор аймақтар қаржысымен ғана емес, әрбір өңірдің өзіндік мамандандырылу ерекшеліктерін айқындай отырып, оларды дамытуға бағытталған сауатты және ұзақ мерзімді бағдарлама қажет. Қаржыландыру тек артта қалған өңірлерге ғана емес, өсу үшін алғышарттары бар орталық өңірлерге де қажет.

Екіншіден, зерттеу нәтижесінде расталғандай, проблемалы өңірлердің қаржы жүйесі, әдетте, тұрақсыз, бұл кері байланыс қағидаты бойынша өңірлердің экономикалық дамуын тежейді және олардың одан да көп артта қалуына алып келеді, ол әркелкі дамуды жеделдетеді және терендетеді. Сол арқылы олардың арасындағы сәйкессіздіктің өсуіне алып келеді. Өңірлердің қаржылық тұрақтылығын арттыру үшін олардың бәсекелестік артықшылықтарын ескере отырып, экономиканы әртараптандыру, экономикадағы жаңа перспективалы бағыттарды дамыту, салықтық әлеуетті және адами капиталдың деңгейін арттыру, бюрократиялық кедергілерді қысқартып, бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау ұсынылады.

Үшіншіден, өңірдің дербес дамуы үшін негіз болатын, оның осы дамуға деген қызығушылығын қалыптастыратын жағдай, платформа жасау қажет. Мемлекеттік басқару органдары аумақтық білім беретін кәсіпорындар мен ұйымдарды белсенді сыртқы ынталандыру жолымен артта қалған аумақтарда платформа, «өсу нүктелерін» құруы тиіс. Осыған байланысты өңірлік нүктелерін анықтау және қалыптастыру, мемлекеттік басқаруды олардың дамуына шоғырландыру қажет. Бұл ретте бәсекеге қабілеттіліктің өсу нүктелерін дамытудың оларға тән басымдықтарын анықтай отырып, жекелеген өңірлер экономикасының ерекшелігін ескеру маңызды. Мұндай өсу нүктелерін анықтау, өңірдің басқа салаларымен салыстырғанда осы саланың даму қарқынының озуы, жалпы өңірлік өнімнің өсуін қамтамасыз етуге саланың қомақты үлесі, аралас және тәуелді салаларда көрініс табатын саланың жұмыс істеуінің жоғары әсері бар өңірлік экономиканы дамытудың салалық басымдықтарын табу қағидасына негізделгені жөн.

Әдебиеттер

- Regional policy: Making Europe's regions and cities more competitive, fostering growth and creating jobs. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2014.
- Bussolo M., Davalos M.E., Peragine V., Sundaram R. Toward a New Social Contract. Taking On Distributional Tensions in Europe and Central Asia. – World Bank, 2018.
- Martin L.R. A Study on the Factors of Regional Competitiveness. A draft final report for The European Commission Directorate – General Regional Policy. – Cambridge: University of Cambridge, 2003.
- Вебер А. Теория размещения промышленности: пер. с нем. – М.: Книга, 1926. – 119 с.
- Etzkowitz H. The evolution of the entrepreneurial university // *International Journal of Technology and Globalisation*. – 2004. – №11. – 7 p.
- Friedmann J. Urbanisation, Planning and National Development. – London: Beverly Hills, 1973. – p. 351.
- Hagerstrand T. Aspects of the Spatial Structure of Social Communication and the Diffusion of Information // *Papers and Proceedings of the Regional Science Association*. – 1966. – vol. 16. – pp. 27-42.
- Krugman P. Increasing returns and economic geography // *Journal of political economy*. – 1991. – vol. 99. – pp. 483-499.
- Кузнецова О.В. Пирамида факторов социально-экономического развития регионов // *Вопросы экономики*. – 2013. – № 2. – С. 121-131.
- Сатыбалдин А.А., Нурланова Н.К. Политика пространственного развития экономики Казахстана: Новые принципы, ключевые приоритеты и механизмы реализации: Коллективная монография. – Алматы: Институт экономики Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2017. – 484 с.
- Fujita M., Krugman P., Venables A.J. The Spatial Economy: Cities, Regions, and International Trade. – Cambridge: MIT Press, 1999. – 367 p.
- Martin Ph. The Geography of Inequalities in Europe // *Swedish Economic Policy Review*. – 2005. – vol. 12. – pp. 83-108.
- Қазақстан Республикасы статистика комитетінің ресми ақпараттық-ресурсы. Ұлттық шоттар статистикасы, <https://stat.gov.kz>.
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 767 қаулысы, <https://prime-minister.kz/assets/media/oirlardi-damytudy-2020-zhyly-deyingi-memlekettik-badarlamasyn-bekitu-turaly.pdf>.
- Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000118>.
- Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 тамыздағы № 625 қаулысы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000625>.
- Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>.
- Кучукова Н.К., Талимова Л.А. Финансово-экономическое развитие Казахстана: реализация инвестиционных возможностей // *Финансовый журнал*. – 2019. – № 6. – С. 108-125. DOI: 10.31107/2075-1990-2019-6-108-125.
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты. 2014 жылдан бастап 2020 жылдар аралығындағы бюджет туралы заңдар, <http://www.minfin.gov.kz>.
- Aprans J. EU Region Policy. European Commission Lifelong Learning Programme, Jean Monnet programme. – Riga: University of Latvia Press, 2014. – 64 p.

References

- Aprans J. (2014) EU Region Policy. European Commission Lifelong Learning Programme, Jean Monnet programme. Riga: University of Latvia Press, 64 p.
- Bussolo M., Davalos M.E., Peragine V., Sundaram R. (2018) Toward a New Social Contract. Taking On Distributional Tensions in Europe and Central Asia. World Bank.
- Eldi aumaktyk-kenistikte damytudyn 2020 zhylyga deingi bolzhamdy shemasyn bekitu turaly [On approval of the Forecast Scheme of the spatial development of the country until 2020]. Kazakstan Respublikasy Prezidentining 2011 zhylygy 21 shildedegi № 118 Zharlygy, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000118>.
- Eldi aumaktyk-kenistikte damytudyn 2030 zhylyga deingi bolzhamdy shemasyn bekitu turaly [On approval of the Forecast Scheme of the spatial development of the country until 2030]. Kazakstan Respublikasy Ukimetining 2019 zhylygy 23 tamyzdagy № 625 kaulysy, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000625>.
- Etzkowitz H. (2004) The evolution of the entrepreneurial university. *International Journal of Technology and Globalisation*, vol. 11, p. 77.
- Friedmann J. (1973) Urbanisation, Planning and National Development. London: Beverly Hills, p. 351.
- Fujita M., Krugman P., Venables A.J. (1999) The Spatial Economy: Cities, Regions, and International Trade. Cambridge: MIT Press, 367 p.
- Hagerstrand T. (1966) Aspects of the Spatial Structure of Social Communication and the Diffusion of Information. *Papers and Proceedings of the Regional Science Association*, vol. 16, pp. 27-42.

Kazakstan Respublikasy Karzhy ministrigining resmi saity. 2014 zhyldan bastap 2020 zhyldar aralygyndagy byudzhnet turaly zander [Laws about the budget between 2014 and 2020], <http://www.minfin.gov.kz>

Kazakstan Respublikasy Premer-Ministrining resmi akparattyk resursy. Onirlerdi damytudying 2020 zhylda deingi memlekettik bagdarlamasy [2020 regional development program]. Kazakstan Respublikasy Ukimetining 2018 zhylygy 16 karashadagy № 767 kaulysy, <https://primeminister.kz/assets/media/oirlerdi-damytydy-2020-zhylda-deyingi-memlekettik-badarlamasyn-bekitu-turaly.pdf>.

Kazakstan Respublikasy statistika komitetining resmi akparattyk-resursy. Ultyk shottar statistikasy [National Account Statistics], <https://stat.gov.kz>.

Krugman P. (1991) Increasing returns and economic geography. *Journal of political economy*, vol. 99, pp. 483-499.

Kuchukova N.K., Talimova L.A. (2019) Finansovo-ekonomicheskoe razvitie Kazahstana: realizaciya investicionnyh vozmozhnostej [Financial and economic development of Kazakhstan: implementation of investment opportunities]. *Finansovyj zhurnal*, vol. 6, pp. 108-125. DOI: 10.31107/2075-1990-2019-6-108-125.

Kuznecova O.V. (2013) Piramida faktorov socialno-ekonomicheskogo razvitiya regionov [The pyramid of factors of socio-economic development of regions]. *Voprosy ekonomiki*, vol. 2, pp. 121-131.

Martin L.R. (2003) A Study on the Factors of Regional Competitiveness A draft final report for The European Commission Directorate – General Regional Policy. Cambridge: University of Cambridge.

Martin Ph. (2005) The Geography of Inequalities in Europe. *Swedish Economic Policy Review*, vol. 12, pp. 83-108.

Onirlerdi damytudying 2020-2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly [On approval of the State program for the development of regions for 2020-2025]. Kazakstan Respublikasy Ukimetining 2019 zhylygy 27 zheltoksandagy № 990 kaulysy, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>.

Regional policy: Making Europe's regions and cities more competitive, fostering growth and creating jobs (2014) Luxembourg: Publications Office of the European Union.

Satybaldin A.A., Nurlanova N.K. (2017) Politika prostranstvennogo razvitiya ekonomiki Kazahstana: Novye principy, klyuchevye priority i mehanizmy realizacii [The policy of spatial development of the economy of Kazakhstan: New principles, key priorities and implementation mechanisms] Kollektivnaya monografiya. Almaty: Institut ekonomiki Ministerstva obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan, 484 p.

Weber A. (1926) Teoriya razmesheniya promyshlennosti: per.s nem. [Theory of industrial distribution: transl. from German]. M.: Book, 119 p.